	<p>тарихын білемін, мен достарыма бәрін айтып беремін. Мен сіздерге сыйлық ретінде конверт қалдырамын, оны маған Мыстан кемпір берді. Тәрбиеші конвертті ашады, көп парақтар. Бұл парақтарды неге берген бізге.</p> <p>Егер парақты Мыстан берген болса және ол өнертапқыш болса, ол тағы да сиқыр қолданған шығар. О керемет парақтың басқа беттерінде суреттер салынған Қараңдаршы балалар ненің суреті. Киімдердің .Енді біз сиқырлы бояуларды алып, осы киімдерді бояймыз.</p> <p>Конвертте тағыда түсініксіз суреттер бар. Бұл суреттерді құрастырып шығару керек.</p> <p><b>Балалар біз шығармашылық орталығына барайық.</b></p> <p><b>Балаларды топқа бөлу.</b></p> <p><b>1-топ.</b> Парақтағы суреттерді бояу.</p> <p><b>2-топ:</b> Қиылған суреттерді құрастыру.</p> <p><b>3-Топ:</b> Суреттердің бөлігін жапсыру.</p> <p><b>4-топ:</b> Киімдерге түйме мүсіндейді.</p> <p>Қортынды: қайда саяхаттадық? (өткен киімдерде).</p> <p>Саяхат кезінде қандай жаңа</p>	<p><b>Денешынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі бөлім.</b></p> <p><b>Жалпы дамыту жаттығулары.</b></p> <p><b>Б. қ:</b> «Мазақтау»</p> <p>1. Аяқтары алишақ қойылған , қолдары төменде. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. /5-6 рет /</p> <p><b>Б. қ.:</b> «Мұнда-мұнда»</p> <p>2. Аяқтары алишақ қойылған, қолдары бүйірде. 1- оң қолды алдыға созып айналдыру, . 2- б.қ. 3- сол қолменде қайталау. /5- 6 рет қайталау/</p> <p><b>Б. қ.:</b> «Тағзым»</p> <p>3. Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде. 1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек. 2- б.қ. /5-6 рет қайталау/</p> <p><b>Б.қ.:</b> «Биік, аласа»</p> <p>5. Аяқты алишақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып «аласа» деп айту, тұру – «биік» деп айту. /5-6 рет қайталау/</p> <p><b>Б.қ.:</b> «Масаны ұстап ал»</p> <p>6. Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде. 1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алишақ ұстап секіру . / 10-15 секунд/</p> <p>4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b></p> <p>мұрынмен дем алып, ауыздан</p>			
--	---	---	--	--	--

	<p>нәрселерді білдіңіз? (Бұрын қандай киімдер тігілгенін, киім тігу үшін қандай құралдар қолданылғанын, матаның қандай түрлері бар екенін білдік.)</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Куз байлығы</b> <b>Ән тыңдау: «Тамшылар»</b> (М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. <b>Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!»</b> <b>Шарты:</b> ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!» - деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді. <b>«Өз жұбыңды тап!»</b> Төрт, болмаса үш қатарға жұппен тұрғызылады, әрі қарай ойын дәл солай жалғастырылады. <b>Музыка тыңдау:</b> <b>«Куз»</b> жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. <b>Ән үйрену:</b> «Бұл қай кезде болады? Куз» (Б.Ерзакович,</p>	<p>демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. <b>Қозғалыстардың негізгі түрлері.</b> <b>1. Алақан мен тізедегі гимнастикалық орындықта жорғалап жүру</b> <b>2. Арқанмен бүйірден адыммен жүру, қол белде бас пен арқаны түзу ұстау.</b> <b>Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»</b> Балалардың гимнастикалық орындықтардың артында тізерлеп отырады қарайды. Нұсқаушы: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Нұсқаушы: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады. Балаларды сапқа тұрғызу • Қателіктерін ескерту. • Бағалау • Ұйымдастырылған түрде спорт алаңынан шығару.</p>			
--	--	--	--	--	--

	<p><i>Ш.Ахметов</i>  <b>Би:</b> «Кел, билейік»  <i>(Б.Байқадамов, М.Әлімбаев).</i>  <i>Би қимылдарын көрсетіп,  үйретеді (би үлгіде  көрсетілген).</i>  <i>Балалардың қолына түрлі -  түсті желпуіштер  таратады.</i>  <i>Өте баяу музыка –  сарытүс.Баяудан бірте-  бірте</i>  <i>көтеріледі - ақшыл жасыл.</i>  <i>Көтеріңкі - жасыл</i>  <i>Жоғары дыбыс - қызыл.</i>  <i>Оң қолымен</i>  <i>музыкадыбыстарын</i>  <i>төмен, орташа, көтеріңкі</i>  <i>көрсетіп, тыңдайды</i>  <i>(жаттығу</i>  <i>үлгідекөрсетілген).</i>  <i>Балаларға күз</i>  <i>мезгілініңтүстерін,</i>  <i>құбылысын түсіндіреді.</i>  <i>қорытындылау, бағалау.</i></p>				
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<b>Картотека №8</b> «Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»	<b>Картотека №11</b> Бақылау: Күнді бақылау.	<b>Картотека №14</b> Бақылау: ауа- райын бақылау	<b>Картотека №17</b> «Күз көрінісін бақылау»	<b>Картотека №18</b> Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.
<b>Серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	<p><i>Тазалық процедурасы.</i>  <i>Қолдарын сабынмен</i>  <i>жұдыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</i>  <i>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</i>  <i>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i></p>				
Түскі ас	<p><i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i></p>				
Күндізгі ұйқы	<b>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</b>				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	№ 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағамызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық
<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқару және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Менің сүйікті бұрышым.</b> <b>Балалар әр түрлі иллюстрациялар қарау</b> <b>Тосын сәт.</b> Көмекші апай топқа хат жіберілгенін айтады Тәрбиеші: - Балалар, қандай тамаша! Мына жақындаңдар хатты оқыық! Педагог конверттен Білмесбектің суретін шығарады. Бұл кім балалар? (Балалардың жауаптары.) Хатты оқу. «Сәлеметсіздер ме, балалар. Сіздерге білмесбек хат жазып отыр. Маған сіздерден көмек керек. Білім ханшайымы менен жұмбақтар сұрады. Ал мен оларды таба алмадым. Мен қатты ұялдым. Мен мұны жалғыз жасай алмаймын. Көмектесіңіздерші. Балалар Білмесбекке көмектесеміз бе? <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>Жұмбақ жасыру</b> Адамның сәні, Онсыз жоқ мәні.</p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым.</b> <b>Балалар конверт табады</b> Тәрбиеші: Балалар, қалай ойлайсыңдар, онда бірдеңе бар ма? (жауаптар). конверттің тексеру. <b>Дидактикалық ойын: «Жамауды тап»</b> Балалар үстелдің үстіндегі киімдерге жамауларды пішіндер бойынша табады. 1 –ші киімге тапқан жамауды сол киімдерге сәйкес түспен бояу. 2. Балалар киімге дұрыс жамау тауып жапсыру 3. Күздік киімдерді құрастыру <b>Ой қозғау.</b> Тәрбиеші: Айтыңызшы, киім тігу үшін не керек? (ине, үтік, қайшы, тігінші, тігін машинасы). <b>Қимылды ойын: - «Ине мен жіп»</b> Шарты: Бастаушы ине, бірінің артынан бірі ілесе жүргендер жіп, Балалар үзіліп кетсе жіп үзілген болады.</p>	<p><b>Шығармашылық бұрыш.</b> <b>Тосын сәт</b> Күз ханшайымынан хат келу. Құрметті балалар, мен күз ханшайымын, маған күз мерекесіне арналған мерекелік көйлек керек, оны қайдан аламын Сұрақ-жауап. - Қандай киімдер ең әдемі? Мерекелік киімдер -Мерекелік киімдерді қашан киеді? Күз ханшайымының көйлегінің түсі қандай болу керек? Неге? <b>Дидактикалық ойын: «Ханшайымның көйлегі»</b> <b>Балаларды топқа бөлу.</b> <b>1-топ:</b> Дәстүрден тыс әдіс бойынша трафаретте мақта таяқшасымен күз ханшайымын көйлегін бояу. <b>2-топ:</b> Ханшайымның көйлегіне жапырақтар жапсыру. <b>3-топ:</b> Ханшайымның себетіне жемістер мен көкөністер мүсіндеу. <b>4-топ:</b> Күзгі орман құрастыру.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Бұл заттар не үшін?»</b> Тәрбиеші: Ал, енді мен сендерді қимыл деп атаймын, ал сендер маған осыған қажетті тақырыпты айтасыңдар. киімді біріктіру - түйреуіштер кестелеуші – инелер мен жіптер саусағын шанышып алмас үшін – оймақ тігу, жазу - тігін машинасы киімді кигізіп қою - манекен кесу - қайшы Киімді әдемілеу - үтік өрнек салу - бор мен сызғыш адам мен матаны өлшеңіз - сантиметр <b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»</b> »Дөңгелек өзі, Төртеу көзі. Ұстайды мықтап, Тұрғанды сырттап. <b>Түйме</b> Киімдегі қуыс,</p>	<p><b>Магниттік басқатырғыштар</b> <b>Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір»</b> - магнитті бөлінген суреттерден кескін жасаңыз, бір қуыршаққа арналған киімдердің әртүрлі нұсқаларын алу арқылы қуыршақты киіндіру. <b>Дидактикалық ойын: «Көршіңді тап»</b> Тәрбиеші: бұл баланың не киетінін сөзбен сипаттайды, балалар оны киімінің сипаттамасы бойынша табу керек Рөлдік ойындар: «Ателье», «Киім дүкені». <b>Тақпақ жаттау.</b> Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп дүл қандай Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай Болайықшы досым-ай. <b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім.</b></p>

	<p><b>Бұл не? (киім)</b>  <i>Бір нәрсе менен биік,  Кейде менен аласа.  Мұндай қызық дүниеде,  Көріп пе едің тамаша.</i></p> <p><b>(Бас киім)</b>  - Ерте тұрдым,  Екі айыр жолға түстім.</p> <p><b>(Шалбар)</b>  - Әр түрлі болып келемін,  Қыз бен ұл деп бөлемін.</p> <p><b>(Көйлек)</b>  <b>«Жанды сөлемдер» ойыны.</b>  <i>Шарты: Жұмбақтың  шешуінен шыққан сөздерді  қатыстырып, сөйлем құрау.  Білмесбекке жіберу.</i></p>	<p><b>Санамақ</b>  <i>Бір дегенім –бөрік ,  Бойға берер көрік.  Екі дегенім - етік,  Киер сәнді етіп.  Үш дегенім- ішік,  Теріден тігер пішіп.  Төрт дегенім- тымақ,  Қыста кисең жылы –ақ.</i></p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Керісінше айт».</b>  <i>Мен сендерге допты  лақтырып, қимылды  айтамын, ал сендер маған  қарама-қарсы қимылды  айтасыңдар</i>  мысалы: жуу –кір,  шешіну- киіну,  аяқ киімді кию - аяқ киімді  шешу, сатып алу - сату,  байлау- шешу,үтіктеу-  умаждау, ілу-таспау, тігу-  жырту.</p> <p><b>Тіл дамыту жаттығулары:</b>  То - то - то - тон  Де - де - де - жейде  Лек - лек - лек - көйлек  Ім - ім - ім - киім  Ғап - ғап - ғап - қолғап  Тік - тік - тік - етік  Шын - шын - шын -  құлақшын.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: Күз байлығы</b>  <b>Ән тыңдау: «Тамшылар»</b>  <i>(М.Жәутіков). Балаларды  шеңбербойымен  жүргізіп, жеңіл би  ырғақтарына жаттықтырады,  үйретеді. Би  элементтеріне,  өзoryндарына тұруды  қалыптастырады.</i></p> <p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Өзорныңды тап!»</b>  <i>Шарты: ойлау қабілеттеріне  дағдыландырады,  Музыка әуені</i></p>	<p><b>Ұсақ-түйекке ыдыс.</b>  <b>Қалта</b>  <i>Қолы бар,  Саусағы жоқ.  Мойны бар,  Басы жоқ.</i></p> <p><b>(Көйлек)</b>  <i>Гүлдері бар құлпырған,  Кең жазықтан аумайды.  Оған әркім ұмтылған,  Киім киер оңтайлы.</i></p> <p><b>(Мата)</b>  <i>Адамдардың киімін,  Ұстап тұрар ығым.</i></p> <p><b>(Киім ілгіш)</b></p>	<p><b>Таяқпен жалпы дамыту жаттығулары.</b>  <b>Б.қ.: «Балапан су ішті»</b>  <b>1.</b> Аяқтары ыық мөлиерінде. Таяқша артта. 1-4 - басты алдыға қарай созып, таяқшаны артқы жақтан баяу жоғары көтеру. /5-6 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Биші мысық»</b>  <b>2.</b> Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5-6 рет қайталау./  <b>Б. қ.: «Тартылу»</b>  <b>3.</b> Аяқтары алишақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғарыға көтеріп созылу, аяқтың ұшымен тұру. 3- б.қ. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: ««Әткеншек»</b>  <b>4.</b> Аяқтары ыық мөлиерінде. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап, денені оң-сол жаққа бұрады. /5 рет қайталау./  <b>Б.қ.: «Мергендер»</b>  <b>5.</b> Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді.</p> <p><b>«Өз жұбыңды тап!»</b> Төрт, болмаса үш қатарға жұппен тұрғызылады, әрі қарай ойын дәл солай жалғастырылады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.</p> <p><b>Ән үйрену:</b> «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов)</p> <p><b>Би:</b> «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген). Балалардың қолына түрлі - түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл Жоғары дыбыс - қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген). Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. қорытындылау, бағалау.</p>	<p>қайталау. /5 рет қайталау/</p> <p><b>Б.қ. : «Шабыс»</b></p> <p><b>6.</b> Таяқшаны ат қылып ұстау. Сол қолымен таяқшыны ұстап, оң қолды жоғары көтеріп иіре айналдыру. Ат үстінде шабу. (15-20 секунд)</p> <p><b>Б.қ.: «Көңілді таяқша»</b></p> <p><b>7.</b> Таяқшаны жерге тіреп ұстап, айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/ 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. (таяқшаларды үстел үстіне қою) Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.</p> <p><b>Қозғалыстардың негізгі түрлері.</b></p> <p><b>1.</b> Гимнастикалық орындыққа басына құм салынған қапшықпен шығып, түзу жүріп өту.</p> <p><b>2.</b> Тізе арасында қысылған қапшықпен екі аяқпен секіру - «Пингвиндер»</p> <p><b>Қимылды ойын: «Күн шуаққа кептірін.»</b> Ана тауық: балапандар, мамығымыз су болып, тоңып барамыз, тоңып</p>
--	--	---	--

					барамыз, күн сондай суық екен. Қане, балақайлар, жылынайық, қанаттарымызды сілкіп көтерейік те басымызды, кеудемізді, қанаттарымызды, аяқтарымызды сілкілеп, кептірінеміз. Ой, балалар, күн шықты, қандай тамаша, күн қандай шуақты, жылы бәріміз, бір - бірімізге көңілденіп, күліп қарайықшы. (жеңіл, әдемі әуен естіліп тұрады.) Бір-бірден колоннада жүру, педагогтың белгісі бойынша жаттығулар орындау (қолдар екі жаққа, қолдар төмен, қолдар бастың артында).
Балалармен Жеке жұмыс	<i>Нұрға бөлеп өмірді, Жырға бөлеп көңілді, Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді.</i>	<i>Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз.</i>	<i>Думан толы асқарлы Күз мезгілі басталды. Күз әуені кеп жетті, Әнге бөлеп жастарды.</i>	<i>Жеміс - жидек пісті, Қамбаға астық түсті. Қызу жұмыс басталып, Жинап алды жан салып.</i>	<i>Көктен көзін бір алмай, Қызғылт тартты кәрі күз... Жер қызығын қия алмай, Маужырап тұр сары күз...</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	<b>Картотека №8</b> <i>«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»</i>	<b>Картотека №11</b> <i>Бақылау: Күнді бақылау.</i>	<b>Картотека №14</b> <i>Бақылау: ауа- райын бақылау</i>	<b>Картотека №17</b> <i>«Күз көрінісін бақылау»</i>	<b>Картотека №18</b> <i>Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.</i>
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу</i>	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.</i>	<i>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу. балабақшаға уақытында келуді айту.</i>



## Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

«Айгөлек шағын орталығы»

Топ: Ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 23.10 – 27.10.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды Қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<b>Картотека №3</b> <b>«Жыл мезгілдері»</b> <b>Міндеті:</b> Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	<b>Картотека №4</b> <b>«Заттық фриздер»</b> <b>Міндеті:</b> Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.	<b>Картотека №6</b> <b>«Табиғат құбылыстарын ажырат»</b> <b>Міндеті:</b> Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады.	<b>Картотека №11</b> <b>«Бізге күз не әкелді?»</b> <b>Міндеті:</b> Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту.
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>				
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген <b>Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</b>			
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<b>Достық</b> Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан	<b>Отан Е.Өтетілеуұлы</b> Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел.	<b>Туған өлкем . ӨтебайТұрманжанов</b> Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем! Алтын дәнді даласы бар, Ақ күмістей қаласы бар. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!	<b>Отан</b> Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан. Елім менің –тірегім, Құшағында гүл атам. Шығысыңнан арайлы, Күліп атқан құба таң. Сенен бақыт тарайды Баршамызға Ұлы Отан.

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p><b>Тосын сәт</b> <b>Бураинодан хат келу.</b> Саламатсыңдар ма балалар, мен өте көңілізбін. Мені досым туған күніне шақырып еді, соған сендерден көмек сұрап тұрмын. Досым басқа көшеде тұрады, біздің көшелерімізді шағын өзен бөліп тұр, ол арқылы көпір төселген, біз онымен бір-бірімізге барамыз. Бірақ олар маған Қарабас Барабастың көпірді бұзғанын айтты, мен өзеннің арғы бетіне қалай өту керектігін, немен өту керектігін білмеймін? Менде бірнеше заттар бар, мен осы заттардың қайсысымен өзеннен жүзіп өте аламын. (<b>ағаш немесе темір табақ, мата, майлық</b>). Алдымен сізден кеңес сұрайын деп шештім. Балалар не істейміз Бураиноға көмектесеміз бе? Заттарды тексереміз, олардың неден жасалғанын атаймыз. <b>Тәжірибе №1.</b> <b>Батып кетеді, жүзеді.</b> Эксперименттерге арналған сиқырлы қорап <b>Ағаштан, қағаздан, матадан және металдан жасалған су мен заттар салынған ыдыс.</b> Біз барлық заттарды суға салу арқылы эксперимент жасаймыз да Бураиноға түсіріп жібереміз. Табаққа су құйып, қағаз, мата және металл, ағаш заттарды бақылап, олардың қайсысы қалқып жүретінін анықтау <b>Сұрақ: Қайсы зат батып кетті, неліктен?</b> <b>Тәжірибе қортындысы:</b> Барлық жеңіл зат судың бетінде</p>	<p><b>Суреттер бұрышы, суреттер қарау.</b> <b>Тосын сәт.</b> Аудио дыбыс. Телефон шырылдау. Құрметті балалар мен Орманы атаймын. Күз келіп, күн суыта бастады. Сендерге қыс мезгілі болғанда орманға келу қиын болады. Мен сендерді орманыма серуендеп келуге қонаққа шақырамын. <b>Шапалақ әдісі, қуану.</b> <b>Балалар бүгін бізде ерекше қызықты күн болады. Неге екенін білесіңдер ма? Өйткені біз орманға шақыру қағазын алдық.</b> <b>Ой дамыту.</b> Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? «Орман дегеніміз неше түрлі ағаштар өсетін жер Бұл жерде әртүрлі жабайы аңдар мекендейді, саңырауқұлақтар мен жидектер өседі. Орманда күн сәулесі аз, өйткені онда көптеген ағаштар өседі. <b>Орман туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме?</b> «Орман-байлық пен сұлулық, ормандарыңды күт» -«Табиғаттың жауы – орманды қорғамаған адам» -«Көп орманды құртпа, аз орманды күт» -Ал орманның иесі кім? - Орманышы. <b>Жарайсыңдар, бірақ орманға барар алдында нені есте сақтауымыз керек?</b> -Дұрыс, ормандағы тәртіп ережесі. <b>Орман ережесі</b></p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар сендерге саяхатқа барған ұнайма? Балалар: Ия Ендеше мына орындықтардан автобус құрастырып, жолға шығайық. <b>Ән аудио жазба ойнату.</b> Автобус қатты жүріп келеді, көзімізді жұмамыз. Автобус тоқтады, міне орманға келдік. <b>Тосын сәт.</b> Орманда кішкентай үй тұр. Балалар мына үйде кім тұрады есігін қағып көрейік. Ешкім жоқ. Бірақ есігінде көптеген қалташалар тұр. <b>Аудио дыбыс қосу.</b> Сендер кімсіңдер, біздің орманда неғып жүрсіңдер. Біз орманның кішкентай тұрғындары, орманға ешкімді кіргізбейміз. <b>Тәрбиеші: АУУУ</b>(екі қолыңмен аузың жауып) Біздің балалар орманға қонаққа келді, біз орманды көргіміз келеді. <b>Аудио: Онда ана қалташаларды алыңдар.</b> Әр қалташаның тапсырмасын орындап жүру керексіңдер. Жарайды. Балалар мына қалташаларды алып тапсырма орындаймыз <b>1-тапсырма: Дидактикалық ойын: «Ормандағы құрылыс»</b> Шарты: - Геометриялық фигураларды орындарына орналастыр. Тар жолды, кең жолды көрсет. Шеңбер, сопақ және үшбұрыш қандай түсті? Жасыл түс. Шаршы мен төртбұрыштың түсі қандай? Қоңыр түс.</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар, бүгін таңертең топқа кірсем, үстелдің үстінде бір хатты көрдім, ол сендерге жазылған. Бұл хаттың кімдікі екенін білгілерің келе ме? <b>(Бураинодан).</b> «Құрметті балалар, маған ағаштың сиқырлы қасиеттерін анықтауға көмектесіңдерші, бұл мен үшін өте маңызды». Тәрбиеші: - Балалар, Бураино ағаштың қасиеттеріне неге сонша қызығады екен? <b>Балалар:</b> Бураино ағаштан жасалған. Сонымен, ол қандай адам? <b>Балалар:</b> Ағаш. Көмектесеміз бе оған? <b>Дидактикалық ойын: «Ағаш заттарды тап»</b> - Ал сендер топтан қандай ағаш заттарды көріп тұрсыңдар? Үйде қандай ағаштан жасалған бұйымдар бар? Ағаштан жасалған бұйымдар неден жасалады? (ағаштардан) <b>Дидактикалық ойын «Жиһазды құрастырамыз»</b> <b>Шарты:</b> Жиһаздың бөлігін тауып құрастыру. <b>Жетекші идея:</b> Балалар, ағаштың сиқырлы қасиеті бар-жоғын қалай білеміз? Біз қазір зертханаға барамыз. Зертханада эксперименттер мен тәжірибелер жүргізіледі және біз бұл сұраққа жауап береміз.</p>
---	--	--	---	---


қалады, ал ауырның бәрі су астына батады.  
 Буратиноға қайсы затты ұсынамыз?  
 Ол өзеннен өту үшін ағаш заттар керек екенін айтамыз және оған қайықпен баруды ұсынайық.  
 Бірақ қазір бұл туралы көбірек білеміз.  
**Буратино күтіп қалар оған суретке түсіріп жіберейік.**  
**Ой қозғау.**  
 Ағаштан жасалған бұйымдар неден жасалады?  
 Орманда өсетін ағаштардан топта ағаштан жасалған бұйымдар бар ма? (балалар топта ағаш заттар мен ойыншықтарды атайды және көрсетеді)  
 - Ағаш деген не, ол не?  
**Ой дамыту**  
 Ал балалар орманда өзін ұстау ережелерін білеміз бе?  
**Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»**  
 -Ағаштар мен бұтақтарды сындырамыз. (болмайды)  
 Көбірек ағаш отырғызу (болады)  
 Шалғындарда серуендеу және гүлдерді таптау (болмайды)  
 Тек жолдармен жүру (болады)  
 Орманға қоқыс қалдыру (болмайды)  
 Орманда от жағу (болмайды)  
 Орманға қалай көмектесеміз?  
 Балалар: Қоқысты шығару керек.  
**Дидактикалық ойын: «Орманды тазартамыз»**  
 Шарты: Берілген суреттерден орманға зиянды заттарды қызыл корзинаға салу, керек заттарды жасыл корзинаға салу.

-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз  
 -Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.  
 -Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.  
 Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжітпегенде қалады.  
**Қызығушылықты ояту.**  
 Балалар менің телефоныма Орманы атай орманға кіретін сиқырлы сөздер жіберіпті  
 Балалар сендер біздің орманға тек сиқырлы түрде кіре аласыңдар, мен оны сендерге жібердім.  
**Сиқырлы сөздерді айтайық:**  
 Бір, екі, үш иілу  
 Бір, екі, үш айналу  
 Бір, екі, үш секіру  
 Ал сен ормандасың.  
**Ғажайып сәт**  
 Ой балалар мынау орманы атайдың кофе ішетін үселі.  
 Көрдіңдер ме ыдыстарымен кофе тұр. Үстелін дастарханмен жауып қойған. Мына жерге 1,2,3 сандарымен жазылған үш конверт тастап кетіпті.  
 -Қай конвертті бірінші ашқанымыз дұрыс деп ойлайсыңдар?  
**Балалар: 1 санымен**  
 Тапсырма: ағаштарымыздың өсуі мен тіршілігіне не қажет?  
**АҚТ технол жұмыс.**  
**Балалар ағаштар өсу үшін не қажет? Күн, су, ауа.**  
**Күн – жарық көзі.** Ағаш жарықсыз өмір сүре алмайды. Ол суретші сияқты жапырақтарды жасылға бояйды. Олардың




Кең жолда қандай пішін тұр?  
 Екі жолдың ортасында қандай пішін тұр?  
 Тар жолда қандай пішіндер тұр?

**2- қалташадағы тапсырма.**  
**Дидактикалық ойын: «Не артық?»**  
 Шарты: Суретке мұқият қарап, ондағы артық не бар екенін айт?  
 (Қосымша саңырауқұлақ, өйткені қалғандары ағаштар)



**3- қалташадағы тапсырма.**  
**Дидактикалық ойын: «Тал»**  
 Дәстүрден тыс әдіс арқылы тіс щеткаларымен сурет салу  
 Шарты:  
 -Тал ағашында бұтақтар төмен түсірілген, бұтақтарды сызу. Сурет салу үшін тіс щеткаларын пайдалану.



**№1 «Бату - батпау» тәжірибесі**  
 Ағаш суға батады ма, жоқ па? тәжірибе жасап көрейік  
 Бір қолымызға ағаш, екінші қолымызға тас алайық.  
 Олардың салмағы қандай?  
 Ағашты суға салайық.  
 - Не көріп тұрмыз?  
 Батып кетті ме?  
 Ал енді тасты суғасалайық.  
 Ағаш туралы не айта аламыз?  
**Балалар:** ағаш жеңіл, суда жүзеді.  
 Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адам осы қасиетті пайдаланады.  
 - адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды.  
 Қалай ойлайсыңдар Буратино суға батады ма, жоқ па?  
**Дидактикалық ойын: «Судағы қайық»**  
**Шарты:** Дайын теңіз суының үстіне дәстүрден тыс трафаретке губкамен бастыру әдісі арқылы қайық суретін салу.  
**№2 «Жылу өткізгіштік» тәжірибесі**  
 Үстелдерде ағаш және металл қасықтар бар. Терезе алдына салқын жерге ағаш қасық пен металл қасықты қояйық.  
 Қайсы қасық мұздай?  
 Қорытынды жасау.  
 Сонымен, ағаш жылуды сақтайды, суықты өткізбейді, сондықтан одан адамдар ағаш үйлер салады.  
**Дидактикалық ойын: «Қасықтар»**

**Дидактикалық ойын: «Орман не үшін керек?»**

Орман – құстар мен жануарлардың мекені.

Орман бізді қатты және суық желдерден қорғайды.

Орман бізге құрылыс материалдарын береді.

Орман бізге таза су мен ауа береді.

Қазір қай мезгіл?

Күз мезгілінде орман ағаштары қандай болады?

**Дидактикалық ойын: «Белгілерді ата»**

Шарты: диалогтік сөйлеуді дамыту.]

Мольбертте күзгі пейзажды бейнелейтін сюжеттік картина қойылған.

Суретте қай жыл мезгілі көрсетілген?

1-бала. Күз мезгілі. күн салқын.....

2-ші бала. Жаңбыр жауып тұр, адамдар резика етік ,.....

3-ші бала. Құстар жылы жаққа.....

4-ші бала. Жапырақтары түсіп жатыр. Жапырақтардың түсі.....

**Балаларды топқа бөлу.**

1-топ: Ағаштар

2-топ: Сары жапырақтар

3-топ: жасыл жапырақтар

4-топ: Бұтақтар

**1-Топ:** А3 форматта ағаштарды құрастыру

**2-топ:** Ағаш діңін бояу.

**3-топ:** Ағаштың сол жағына сары жапырақтарды ермексаздан жапсыру.

**4-топ:** Ағаштың оң жағына сары жапырақтарды қиып жапсыру.

құрамында ағашқа арналған арнайы «тамақ» бар (жапырақты жасыл ететін хлорофилл дәндері).

Кейбір ағаштар жарық жерлерді жақсы көреді (қарагай,

балқарагай, басқалары көлеңкеде өседі. Күзде күндізгі сағат

қысқарған кезде, ағаштар сигнал алады - қысқа дайындалу керек.

**Күн – жылы көзі.** Ағаштардың кейбіреулері суыққа шыдаса, басқалары тек жылы жерде өмір сүре алады. Қыста өте қатты аяз болса, өсімдік өліп, қатып қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда болуының басталуы жылудың мөлшеріне байланысты.

**-Ағаштар да адамдар сияқты су**

**ишеді.** Кейбір ағаштар көп ылғалды қажет етеді, ал басқалары аз мөлшерде сумен өмір сүреді. Ағаш суды жаңбырдан алады, жаңбырдан басқа жауын-шашын түрлері бар: қар, шық, қырау, бұршақ. Қар - тамырларды жылы тон сияқты жауып, қатудан сақтайды. Көктемде қар еріген кезде ағаш еріген сумен қоректенеді.

**- Ағаштар да адамдар сияқты тыныс алуды қажет етеді.** Біз сияқты өсімдіктерге таза ауа қажет. Олар кірден өледі.

Сонымен қатар, ағаштардың өзі ауаны тазартады.

**-Жел – өсімдіктердің тозаңын тасымалдайды.** Шырша, қарагай, сонымен қатар тұқым таратады

**-Құстар - әртүрлі ағаштардың өмірінде әртүрлі рөл атқарады.**

Құстар жемістерді жеп, тұқым таратады, ағашта мекендейтін

**«Орманда» музыкалық жаттығуы**

**4- қалташадағы тапсырма:**

**Дидактикалық ойын: «Орманда»**

Шарты: Балалар фондық суретке кішкентай түсті силуэт бейнелерін орналастырады.



**Жүргізілу барысы:** Алдарыңызда орман салынған сурет. Мына әдемі суретті толықтырайық.

Ең биік ағашқа құс отырсын. Ал аласа ағаштың астында екі саңырауқұлақ өседі.

Ал діңгектің айналасында үш гүл жайқалған. Бір діңгекке жылан иықты. Ағашта жапырақтар өсті. Аспанда күн нұрын шашады. Көлдің жанында бақа отыр, көлде үйрек жүзіп жүр. Көлде қанша су лалагүлі гүлдегенін есептеңіз? Аспанда неше бұлт бар?

**5- қалташадағы тапсырма:**

**Дидактикалық ойын: «Тиіндер»**

Шарты: Әр тиінге өз шұңқырын табуға көмектес. Тиінді тамақтандыр. Әрбір тиіннің өлішіміне сәйкес қуыс пен желекті таңдаңыз.



**Шарты:** Ағаш қасықты сары ермексаздан, темір қасықты қоңыр ермексаздан мүсіндеу.

**№ 3 «Сынады, өңделеді» тәжірибесі**

Тәрбиеші: Ағашты ұстаңдар.

Жұмсақ па, қатты ма?

(Ағашты ұстау қиын.)

Оны алып, сындыруға тырыс..

Балалар: Сынбайды..

Тәрбиеші: Сонымен, бұл не?

Балалар: Төзімді.

Тәрбиеші: Балалар, сіріңке де ағаштан жасалған. Оны сындырып көр. Не деуге болады?

Балалар: Сіріңке нәзік, демек ағашты сындыруға болады.

**Қорытынды:** ағаштар мен ағаш заттар сынады, өңделеді. Сындырмас үшін сақ болу керек.

Ағаш металлға қарағанда жұмсақ және оңай өңделеді.

Сондықтан адамдардың ағаштан әртүрлі заттар, оюланған қызықты заттар жасағанын көруге болады.

(Иллюстрацияларды қарау).  
**Дидактикалық ойын: «Оюлы кесе»**

**Шарты:** Сары ағаш түстес қағазға ою жапсыру.

**Сергіту сәті.**

**«Тербеледі ағаштар».**

**Рефлексия:** Балалар, ағаштың сиқырлы қасиеті бар ма? Буратиноға хат жазып, тәжірибелер арқылы білген

### Қортынды

Ағаш жапырақтары күз мезгіліндегі қандай түске енеді? Балаларды мадақтау.

### Музыка

**Тақырыбы: «Пайдалы жемістер»**

**Музыка тыңдау:** «Алатау» күйі (Құрманғазы), «Полька», «Вальс», «Би әуені» (муз. Г. Левкодимова).

Балалардан қандай жанрларда музыка тыңдағанымызды сұрау.

Полька мен вальстің айырмашылықтары неде екенін сұрау, түсіндіру. Күй туралы мағлұмат беру.

**Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз».

Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.

**Ән айту:** «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).

Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.

**Аспаптан танысу:** «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай

жәндіктермен қоректенеді.

**-Аралар, көбелектер және басқа да жәндіктер** гүлдерден шырын - шырын ішеді және оларды тозаңдандырады.

**-жауын құрттары** топырақты қопсытып, өсімдіктің дамуына қолайлы етеді.

**Дидактикалық ойын: «Ағаш өсіру»**

**Шарты:** Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру.

Балаларды топқа бөлу.

**1-топ:** А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.

**2-топ:** Салынған А3 форматта ағаш макетіне Күн суретін жапсыру.

**3-топ:** Ағашқа ағып жатқан суды бояу.

**4-топ:** Құс мүсіндеу.

**Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз**

### 2-тапсырма

**Қайың мен көктеректің айырмашылығы неде?**

- Олардың діңінің түсі әртүрлі.

Қайыңның ақ діңі қара жолақтары бар, ал көктеректің сұр-жасыл діңі бар.

- Қайыңның ақ діңін бір сөзбен қалай айта аласың?

**- АҚ ҚАЙЫҢ.**

**әлемде ақ қабығы бар жалғыз ағаш .**

- Балалар, қалай ойлайсыңдар, қайың ағаштарында неліктен қара сызықтар бар?

- Қайың олар арқылы тыныс алады екен, жасымық деп атайды екен.

**- Бұл ағаштардың тағы қандай айырмашылығы бар ?**

**Дидактикалық ойын: «Жаңғақ бұтасын» мүсіндеу**

**Шарты:** Пластилин бөліктерін шымышу арқылы алып, олардан жаңғақ шарларын жасап, бұтаға жағып, саусақпен басу.


**Ой қозғау.**

Жаңғақтар жаңғақ бұтасында піскен.

Оларды пластилиннен жасау.

Пластилиннің түсі қандай?

Қоңыр түс.



**«Орманда серуендеу» динамикалық үзіліс. Денешынықтыру.**


Балалар діңгекпен жүреді, шырианы айналып жүреді, өзеннен секіреді, орындықтың бойымен жүреді.

**6- қалташадағы тапсырма: Дид ойын: «Орман бейнесі»**

**Шарты:** Ағаш діңіне жапырақтарды жапсыру. Бұл ормандағы ағаштар!

Ал қайыңның жапырақтарын саусағыңызбен сызыңыз.

Суреттегі төбешіктерді санау.



### Жаңғақ дәмі

Қоштасарда орман бізге сыйлық дайындады - қалташада жаңғақ.

ағаштың сиқырлы қасиеттері туралы түсіріп жіберемін.

Бурадино не туралы жазамыз?

Ағаш суға батпайды. Ол жылууды сақтайды. Жұмсақ, жұмыс істеуге оңай. Жақсы бояйды. Сынады, өңделеді, ылғалды оңай сіңіреді).

	<p>дыбысталатынын айтып беру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Жұмбақтарды шешіп, пайдалы жемістер мен көгөністің аталуын тап. Дид ойын : «Жемістер мен көкөністер» Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау. қорытындылау, бағалау.</p>	<p>- Жапырақтарға назар аудару. Олар бірдей ме? - Әртүрлі. Көктерек жапырағы дөңгелек, жиектері толқынды, ал қайыңның тікенек жапырақтары бар. Бұтақтарды қарастырайық. Оларды ұстап, салыстыру. - Көктерек бұтақтары күшті. Ал қайың бұтақтары жұқа, икемді, нәзік. – Қайыңның самал жел соққанда бұтақтары өріледі. - <b>Жарайды, бізде бір конверт қалды. Қандай нөмірмен? (үш) .</b> Қызық, бұл конвертте не жасырылған? <b>Тапсырма</b> <b>Қылқан жапырақты орманда қандай ағаштар өседі?</b> - Ары қарай жүру керекпіз. <b>Жолда бізді көңілді ету үшін достар туралы ән айтамыз .</b> Ал біздің жолымызда – <b>ҚЫЛҚАНДЫ ОРМАН.</b> Неліктен бұлай аталады, -Қылқан жапырақты орманда қарағай, шырша өседі. -Кім шырша мен қарағай туралы жұмбақ біледі? <b>Тікен, тікен тік пісте</b> Қыс пен жазда бір түсте. <b>(Шырша)</b> <b>Дауылға да, аязға да,</b> Шыдап бағар мізбақпай. Тау етегі тұрағы, Жап-жасыл боп тұрады. <b>(Қарағай)</b> <b>Неліктен бұл ағаштар жасыл ?</b> Басқа ағаштар сияқты жапырақтарын төкпейді . - Шыршалардың жоғарғы</p>	<p>Оларды тобымызға алып кетейік <b>Орман тұрғындарына орман туралы тақпақ айтып берейік</b> О, ну орман, гүлді орман, Гүліңде нұр күлді орман. Жазы, аязды қысы бар, Мүлгіген тыныш түнде орман Автобусқа отырып бақшамызға қайтайық. <b>Қортынды жасау</b> Балаларды мадақтау. <b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b> <b>1.«Қанатымызды тазалаймыз».</b> Б.қ.: серіппе жасаймыз, басымызды оңға иеміз, б.қ., сосын солға 4 рет қайталаймыз. <b>2.«Қанатымызды жасаймыз».</b> Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз. <b>3.«Жуынамыз».</b> Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз. <b>4.«Дән тауып алайық».</b> Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады, б.қ. 4 рет қайталаймыз.. <b>5.«Ұшуды үйренеміз».</b> Б.қ.: бұрынғыдай. Қолды құлаштай созып бір орында секіру. б.«Біз өсеміз». Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде. <b>Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,</b> б.қ. – тынысығарамыз.</p>	
--	---	--	---	--

		<p>бұтақтары жас, қысқа, ал төменгі жағында ескі, ұзын. Қабығы қараңғы, кедір-бұдыр.</p> <p><b>-Қарағайдың діңі қандай?</b> ашық-жасыл</p> <p>Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны кеме құрылысында, авиацияда, теміржолда және құрылыста кеңінен қолданады.</p> <p>Қарағай шыршаға қарағанда биік түзу өседі. бұтақтары тек жоғарғы жағында болады.</p> <p><b>Қарағай ғана өсетін орманды ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАН деп атайды.</b></p> <p>- Орманды аралаудан шаршадық па? Кәне, ашық жерге отырып, қарағай мен шыршаның бұтақтарына және олардың шыршаларына қарайық.</p> <p>-Олар қалай ұқсас? - Қарағайдың бұтағы жасыл, шыршаның бұтағы жасыл.</p> <p>Қарағайдың инелері бар, ал шыршаның да инелері бар.</p> <p>- Инелер әлі ұқсас емес екенін байқадыңдар ма?</p> <p>-Қарағайдың инелері қандай? - Ұзын, жұмсақ, жасыл.</p> <p>-Шырша ше? - Қысқа, тікенді, қоңыр.</p> <p>- Қарағай инелері жұп болып өседі, ал шырша инелер бір-бірден өседі.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Әр ағаштың өз жапырағы бар»</b> Мына карточкаларда – қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар . Осыған байланысты әр ағашқа өз жапыраған жапсыру керек.</p>	<p>Негізгі қимылдың түрлері:</p> <p>1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді. «Қараңдар, қаншама ағаштар айналада. Орманда адасып қалмай, бір-бірімізден қалмай ұшамыз».</p> <p>2.Бөренеден (сәкіден) секіру. «Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Анаторғай мен балалар»</b> Бірлесіп бірге ұшамыз, Бір-бірімізден қалмаймыз. Бір сапқа тұрып бәріміз Алыс жаққа барамыз. Онда дәмді дәндер бар, Сендерге арнап сақталды.</p> <p><b>«Табиғат дауысы»</b> <b>фонограммасымен релакс (дем алу).</b> «Торғайлар күнімен жүгіріп, ойнап шаршап қалды, ұйықтағысы келді. Олар өз керуеттеріне (кілемшелерге) жатты, көздерін жұмды. Тыныш демалып жатыр, аяқтары мен қолдары да бос, еркін. Торғайлар ұйықтап барады. Олар әдемі түс көруде: таңғажайып алаң, көкмайса, әсем гүлдер. Міне, ара ұшып келді, гүлден бал жинауда, самал жел көк шөпті ақырын тербейді, айналаға күн шуағын төгуде. Торғайлар гажап түс көріп, жайлы жатып жақсы тұрды, сергек көңіл күйге бөленді.</p>	
--	--	--	---	--

		- Міне, біз барлық сұрақтарға жауап бердік. Біздің қайтуымыз керек. <b>Сиқырлы сөздерімізді еске түсірейік .</b> <b>Бір, екі, үш иілу</b> <b>Бір, екі, үш айналады</b> <b>Бір, екі, үш секіру</b> <b>Ал сен бақшадасың.</b> <b>Қортынды,сұрақ-жауап.</b> <b>Балаларды мадақтау.</b>		
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	<b>Картотека №2</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №4</b> Ауа- райының салқындауын бақылау.	<b>Картотека №5</b> Ұшып жүрген құстарды бақылау.	<b>Картотека №7</b> Жаңбырдың жауғанын бақылау.
<b>Серуен картотекасынан</b>				
Серуеннен оралу	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгі ұйқы				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	<b>№18. Ояну</b> Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	<b>№19. Ояну</b> Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.	<b>№20. Ояну</b> Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	<b>№ 21. Ояну</b> Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыиңдар,
<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Тереңдет ойыңды, Тік ұста бойыңды. Құстарға ұсайық, Қалықтап ұшайық. Шық алға оң қанат, Шық алға сол қанат, Шаршаған кездерде Қонайық жорғалап. (Б.Бөрібаев) <b>Қимылды ойын:</b>	Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты сөз, жасқанба. (Б.Бөрібаев) <b>Қимылды ойын: «Ақ қоян»</b> <b>Мақсаты:</b> балалар ептілікті,	Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. (Б.Бөрібаев) <b>Қимылды ойын: «Шар жарылды»</b> <b>Мақсаты:</b> Мұрын арқылы тыныс алу жаттығуларын жасай алады.	Сәлеметсің бе, табиғат! (тізе бүгіп, иіліп сәлем беру) Сәлеметсіңдер ме ормандар, өзен мен көлдер, теңіздер мен таулар! (Тұрыпекі қолын бұлғалайды) Сәлеметсіңдер ме құстар! (Қолдары екі жанында, құссияқты қанатқағады)



	<p><b>«Ұшты-ұшты»</b>  <b>Мақсаты:</b> балалар аңғарымпаз, тапқырлықты біледі.</p>	<p>жылдамдықты, ұйымшылдықты біледі.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Пайдалы жемістер»  <b>Музыка тыңдау:</b> «Алатау» күйі (Құрманғазы), «Полька», «Вальс», «Би әуені» (муз. Г. Левкодимова).  Балалардан қандай жанрларда музыка тыңдағанымызды сұрау.  Полька мен вальстің айырмашылықтары неде екенін сұрау, түсіндіру. Күй туралы мағлұмат беру.  <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.  <b>Ән айту:</b> «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).  Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.  <b>Аспаппен танысу:</b> «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай дыбысталатынын айтып беру.</p>	<p>Сәлеметсіңдер ме аңдар!  (Орындарында тұрып, аюсияқты жүреді, аюсияқты секіреді)  <b>Қимылды ойын: «Қолшатыр»</b>  <b>Мақсаты:</b> балалар ойынарқылы қолшатыр туралы түсінеді.</p> <p><b>Денешынықтыру</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары</b>  <b>1. «Қанатымызды тазалаймыз».</b>  Б.қ.: серіппе жасаймыз, басымызды оңға иеміз, б.қ., сосын солға 4 рет қайталаймыз.  <b>2. «Қанатымызды жасаймыз».</b>  Б.қ.: аяқтарымыз ықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз.  <b>3. «Жуынамыз».</b> Б.қ.: аяқтарымыз ықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз.  <b>4. «Дән тауып алайық».</b> Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады, б.қ. 4 рет қайталаймыз..  <b>5. «Ұшуды үйренеміз».</b> Б.қ.: бұрынғыдай. Қолды құлаштай созып бір орында секіру. б. «Біз өсеміз».  Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде. <b>Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,</b></p>
--	--	---	--

		<p><b>Ой қозғау.</b>  Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар?  Жұмбақтарды шешіп, пайдалы жемістер мен көкөністің аталуын тап.  Дид ойын : «Жемістер мен көкөністер»  Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау.  қорытындылау, бағалау.</p>		<p>б.қ. – тынысшығарамыз.  Негізгі қимылдың түрлері:  1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.  «Қараңдар, қаншама ағаштар айналада. Орманда адасып қалмай, бір-бірімізден қалмай ұшамыз».  2.Бөренеден (сәкіден) секіру.  «Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ана-торғай мен балалар»</b>  Бірлесіп бірге ұшамыз, Бір-бірімізден қалмаймыз.  Бір сапқа тұрып бәріміз Алыс жаққа барамыз.  Онда дәмді дәндер бар,  Сендерге арнап сақталды.  <b>«Табиғат дауысы»</b>  <b>фонограммасымен релакс (дем алу).</b>  «Торғайлар күнімен жүзгіріп, ойнап шаршап қалды, ұйықтағысы келді. Олар өз керуеттеріне (кілемшелерге) жатты, көздерін жұмды. Тыныш демалып жатыр, аяқтары мен қолдары да бос, еркін. Торғайлар ұйықтап барады. Олар әдемі түс көруде: таңғажайып алаң, көкмайса, әсем гүлдер. Міне, ара ұшып келді, гүлден бал жинауда, самал жел көк шөпті ақырын тербейді, айналаға күн шуағын төгуде. Торғайлар ғажап түс көріп, жайлы жатып жақсы тұрды, сергек көңіл күйге бөленді.</p>
Балалармен	<b>М. Монтессори технологиясымен</b>	<b>Дьенеш блоктарымен жұмыс</b>	<b>Гүлді қалай күтеміз.</b>	<b>Дид ойын: «Ретімен қоямыз»</b>

Жеке жұмыс	<b>жұмыс.</b> Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.	<b>Дид ойын:</b> «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік мұнара»	Суретпен жұмыс. Суретке өз ойын айту. Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады. шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды. <b>Дидактикалық ойын: «Гүлді құрастыр»</b>	<b>Шарты:</b> Шалқан ертегісіндегі кейіпкерлерді ретімен қоя білу.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау			
Серуен	<b>Картотека №2</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №4</b> Ауа-райының салқындауын бақылау.	<b>Картотека №5</b> Ұшып жүрген құстарды бақылау.	<b>Картотека №7</b> Жаңбырдың жауғанын бақылау.
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Балалардың үйге қайтуы	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.